



Тілеуов Ғ.О.

АЙМАҚТАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ТАЛДАУ

В данной статье рассматривается зависимость стратегии социально-экономического развития региона от планово-расчетного обоснования текущего функционирования, перспективного развития и стратегического целевого ориентирования региональной экономики на достижение необходимых результатов.

The following article studies the dependence of social-economic development strategy of the region from planned-estimation ground of current functioning future development and strategic goal-oriented regional economy on the achievement of necessary results.

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы ретіндегі облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы, келесілермен байланысты анықталғандықтан, яғни, транзитивті экономика жағдайында, сыртқы және ішкі ортаның жылдам өзгеруі, инновациялығы, анықталмағандығының жоғары деңгейіндегі экономикалық депрессия жағдайында, қолданыстағы инфляция деңгейі мен экономикалық өсу қарқыны, бюджеттік шығыстар мен кірістері, инвестициялық салымдар мен жиынтық табыстылық, әлеуметтік құндылықтарды тұтыну көлемі мен халықтың ақшалай табыстары, еңбек ақы көлемі арасындағы ара қатынастарының рационалды болмауы республиканың, өңірлердің, нарықтың жеке және корпоративті қатысушыларының, яғни, шаруашылық субъектілерінің қызмет етуі мен дамуын ағымдық, болашақтағы және стратегиялық жоспарларын байланыстыру мақсатында, республикалық және өңірлік деңгейде жоспарлау жүйесін қолдануды талап етеді.

Әрбір өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен ресурстардың барлық түрлерін пайдалану тиімділігін арттыру, ағымдық қызметтің жоспарлы-есепті негіздемесіне, белгілі бір уақыт кезеңіне белгіленген нәтижелерге жетуге бағытталған өңірлік экономиканың болашақтағы дамуы мен стратегиялық мақсаттылығына тәуелді, сонымен қатар, әлеуметтік экономикалық бағдарламаларды орындау арқылы, тек экономикалық өсу қарқынын арттырып қана қоймай, ұлттық және өңірлік экономиканы депрессивті жағдайдан шығаруға болады, соның нәтижесінде, әлеуметтік және материалдық игіліктерді тұтыну көлемі артып, халықтың жұмысбастылығы өседі [1].

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы нәтижелі бағыттарды негіздеу мен қабылдауға, бекітілген бағыттарға және стратегиялық мақсаттарға едәуір деңгейде тәуелді. Белгіленген стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу, бірқатар жағдайлармен анықталады, олар: бәсекелестіктің, меншіктің барлық нысандарының, қоғамдық нарықтың қатысушыларының даму деңгейі, ресурстардың барлық түрлерін тиімді пайдалану, экономиканы қайта құрылымдау, өңдеуші және ғылыми сыйымды салалардың дамуы, еңбекке ынталандыруды күшейту, ұлттық экономикаға отандық және шет елдік инвестицияларды тарту [2].

Халық шаруашылығы шеңберіндегі өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын құру, қазақстандық шаруашылықты жүргізуге бейімделген ғылыми-экономикалық-ұйымдастыру-



шылық жағдайларға негізделеді, сол арқылы республиканың экспорттық әлеуетін арттырады, ішкі нарықты импортты алмастырушы өндірістердің өнімдерімен қанағаттандырады, еңбек ресурстарын өңірлік және өңіраралық пайдалану деңгейін арттырады, іскерлік белсенділік пен әлеуметтік тұтыну көлемі артады.

Экономикадағы нарықтық қайта құрулардың қазіргі жағдайы мен болашағы тиімді нарықтық институттардың шынайы қалыптасуына бағытталған институционалды дамудың жаңа бағдарламаларын жүзеге асыру деңгейімен анықталады. Басқару тетіктерін жетілдіру жүйесін жасау да маңызды орынға ие. Қазіргі жағдайда басқаруды ұйымдастыру нысандары мен түрлері көп қырынан көрінуде. Өндірісті басқарудың ұйымдастыру шылық құрылымының негізделуіне, оның элементтерінің өзара үйлесуіне шаруашылық бөлімдердің өндірістік қызметінің соңғы нәтижелері байланысты [3].

Басқару туралы қазіргі идеяларды, басқару қызметтерін пайдалану арқылы, бөліну түрлерінің сызбасы түрінде көрсетуге болады, олар: индикативті жоспарлауды ұйымдастыру, қызметкерлермен жұмыс жасау, басшылық және лидерлік, бақылау.

Елдегі көптеген өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі жағдайында, өңірлерді дағдарыстан шығару тұжырымдамасын жасау мен әрі қарай дамуы үшін, сәйкесінше шаруашылық тетіктерді қалыптастыру қажеттілігі айқындалды. Соған орай, экономикалық ғылымда халық шаруашылығы кешенін басқару теориясы мен әдістемесін қамтитын кең көлемдегі мәселелер зерттелуде. Өңірлік басқарудың ролін арттыру мен депрессивті өңірлердің дамуын басқарудың өңірлік аспектілерін күшейту маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта басқаруды жетілдірудің әдістемелік тәсілдері бірқатар бір- бірімен байланысқан келесі бағыттарды қарастыруы тиіс:

- индикативті жоспарлауды жетілдіру – жоспарлардың әлеуметтік бағыттылығын күшейту, ішкі резервтерді есепке алу, алғышарттарды дұрыс анықтау, жоғары халықшаруашылық нәтижелеріне жету жолдарының ең тиімдісін таңдау;

- үнемдеуді күшейту – еңбектік, материалдық және энергетикалық ресурстарды толық пайдалануға, қор қайтарымдылығын арттыруға, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге, қаржы несиелік құралдар мен бағалардың ролін күшейтуге бағытталған іс шаралар жүйесін жүзеге асыру

- шаруашылықты басқару әдістері мен стилін жақсарту, белсенділікті, кәсіпкерлікті дамыту, экономикалық санкциялардың орындалуын күшейту;

- ұйымдастырушылық техниканы рационалды пайдалануды қамтамасыз ету;

- басқарудың ұйымдастырушылық құрылымын жетілдіру – салаларды басқарудың бас сызбаларын бекіту, дамыту және жүзеге асыру;

- маңызды әлеуметтік-экономикалық шарттарды шешуді ұйымдастырушылық жағынан қамтамасыз ету.

Басқару үрдісі – бұл экономикалық, әлеуметтік, өндірістік техникалық және басқа да сипаттағы әр түрлі шарттарды шешу барысындағы басқару жүйесінің қызмет ету үрдісі. Қоғамдық өндірістің тиімділігі, экономиканың әрбір бөлігіндегі олардың соңғы нәтижелері басқару үрдісін ұйымдастыру деңгейіне тікелей байланысты. Басқару жүйесінің қалыптасуына әлеуметтік- экономикалық факторлар ықпал етеді. Соған орай, басқару жүйесін талдау барысында кез келген түрдегі еңбек үрдісін ұйымдастыруға тән заңдылықтарды ескеру қажет болады. Қазіргі кездегі басқару үрдісін күрделендіру, оларды кешенді зерттеу мәселесінің өзектілігін анықтайды.

Өндірісті басқару үрдістерін талдау мен ұйымдастыру негіздерін жасау, шарттардың екі тобын шешуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-экономикалық жүйелердің дамуын болжаудың әдістемелік мәселесі әлі де болса шешілген жоқ. Түбегейлі даму жаңа элементтердің пайда болуынан көрінеді, ал терен құрылымдық қайта құрулар болса, бұрын пайда болған, бірақ маңызды болмаған, ал қазіргі уақытта маңызды орынға ие болған элементтермен сипатталады.

Экономикалық өсуді қаржылық саясат құралдары қамтамасыз етуі мүмкін. Бірақ, экономиканың тұрақтылығын арттыру мен елдегі қолайлы экономикалық жағдай құрылуы үшін, ең алдымен ішкі құралдарды пайдаланған жөн болады. Сыртқы ресурстарға тәуелді болу, бірқатар кері әсерлермен байланысты:

- экономиканың әлемдік экономикалық және саяси конъюнктураға тәуелділігі күшеюде;

- экономиканың шикізаттық бағыттылығы арту да.



Экономикалық даму кешенді үрдіс болып табылады. Оны анықтайтын көптеген факторлар жан-жақты өндірістің өсуіне әсер етеді. Бұл үрдісте әлеуметтік -саяси факторлар шешуші орынға ие.Әлеуметтік-экономикалық және техникалық прогресстің өзара байланысы өсудің барлық факторларында сипатталады [4].

Атақты экономист С.Кузнец экономикалық өсудің келесі халықаралық факторларын бөледі: біріншіден, берілген ұлт өз үлесін қосқан пайдалы білімдердің әлемдік деңгейі ескерілуі тиіс; екіншіден, әр түрлі экономикалық ресурстардың халықаралық қозғалысы: сыртқы сауда, капитал қозғалысы ықпал етеді.

Өңірдегі бірқатар оң өзгерістерге қарамастан, әлеуметтік-экономикалық дамудың келесі бірқатар маңызды мәселелерін шешу қажет болады:

- шаруашылықты дағдарыстан шығару;
- жұмыстардың үлкен көлемі мен ресурстардың шектеулігімен анықталатын мәселелерді шешу кезеңдерін тездету;
- әлеуметтік-экономикалық дамудың республикалық және өңірлік шарттар жүйесін шешу үшін, бағдарламаға қатысушы кәсіпорындардың өз қаражаттары мен қарыз қаражаттарын, республикалық бюджет ресурстарын максималды қатыстыруды қамтамасыз ету.

Болашақтағы әлеуметтік-экономикалық дамудың басты бағыттары өңірлік бюджеттік әлеуетті қалыптастыруды тездетуге бағытталады, ол әртүрлі салалардағы тиімді инвестициялық жобалар мен жеке инвесторлардың капиталын шоғырландыруға мемлекеттік қолдау көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі шарттары келесілер болуы тиіс:

- төлемқабілетті сұранысқа ие, жоғары қосымша құны бар, өнеркәсіптік өндірістердің өнімдерінің көлемін ұлғайту;
- құрылымдық өнеркәсіптік қайта құруды өткізу мен кәсіпорындардың инвестициялық тартымдылығын арттыру, жаңа өндірістерді енгізу, кәсіпорындарды қайта қалыптастыру;
- өнеркәсіптік кәсіпорындарды қаржылық сауықтандыру, өндірістердің тиімділігі мен рентабельділігін арттыру;
- кәсіпорындардың банкроттығы үрдісін реттеуге мемлекеттік қатысуды күшейту, кәсіпорындарды қайта құрылымдау мен тоқтатумен байланысты кері әлеуметтік-экономикалық салдарын алдын алу саясатын өткізу;
- өнеркәсіпте жұмыс істеушілердің санын арттыру, еңбек нарығындағы жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігін қамтамасыз ету;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін ұлғайту, республика экономикасының маңызды салаларындағы жұмыстардың рентабельділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету;
- ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеудің алдыңғы қатарлы технологиясын ендіру, консервіленген өнімдер өндірісінің көлемін едәуір арттыру, республикалық азық-түлік нарығындағы өңірдің ролін арттыру;
- ірі қара мал санын кезеңімен қалпына келтіру бойынша іс шаралар кешенін жүзеге асыру мен республика халқының сүт өнімдеріне қажеттілігін өзіндік өндіріс есебінен қамтамасыз ету;
- шығарылатын өнімдердің сапалық және техникалық-экономикалық көрсеткіштерін арттыру және құрылыс саласындағы өнімдердің жаңа түрлерін өндіруді игеру;
- жаңа жұмыс орындарын құру, халықтың жұмысбастылық деңгейін едәуір арттыру;
- автокөліктердің қалдығының көлемін, ағындық сулардың зияндылығын азайту, өнеркәсіптік қалдықтар мен мал шаруашылығы қалдықтарын утилизациялау нәтижесінде, республиканың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Экономикалық өсу қарқының арттырудың негізгі жағдайлары ретінде, өнімнің бәсекелікқабілеттілігін арттыру мен өңірдің экономикалық құрылымындағы прогрессивті өзгерістерді қарастырамыз. Құрылымдық қайта құрулардың көптеген маңызды шарттарын толық шешу мен экономиканы мемлекеттік реттеу сапасын арттыру үшін, жұмыстардың салалық жүйесінен функционалдық жүйеге рационалды өткізуді жүзеге асыру қажет болады. Өндірістің ең жоғары тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында өндірістік, еңбектік қаржылық ресурстарды біріктіретін интеграцияланған кооперативтік құрылымдарды қалыптастырып, өнеркәсіптік кешендердің ұйымдастырушылық құрылымын жетілдіру қажет [5]. Соған орай, өнеркәсіптік саясат келесі алғышарттарға негізделіп құрылуы тиіс:



- экспортқа бағытталған және бюджетті құраушы салалардың дамуын тездету;
- өндірістік қуаттарды арттыру арқылы машина жасау кешенін жандандыру және дамыту, сонымен қатар, өнеркәсіптік құралдарды, жеңіл өнеркәсіп құралдарын, ауыл шаруашылық құралдарын, әр түрлі тұрмыстық техникаларды және басқа да сұранысқа ие құралдарды өндіру мен игеруді арттыру;

- қолда бар еңбектік және ресурстық әлеуетті рационалды пайдалану арқылы жеңіл өнеркәсіптік техникалық және технологиялық жағынан жаңа сапалық деңгейге жеткізу;

- өзіндік шикізаттық әлеуетті толық пайдалану есебінен өнім сапасын жақсарту мен қайта өңдеуді тереңдету арқылы тамақ және өңдеуші кәсіпорындардың бәсекелестік қабілеттілігін арттыру және өндіріс көлемін ұлғайту; орманды қайта өңдеуді жандандыру мен дамыту; құрылыс материалдары өнеркәсібі өнімдерінің сапасын жақсарту және көлемі мен ассортиментін кеңейту;

- отандық тауарөндірушілерді тең жағдайда қолдау бойынша іс шараларды жүзеге асыру.

Сонымен, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі мақсаттары, ұзақмерзімді қарқынды өсу әлеуетіне ие, халықтың әл ауқатын әрі қарай арттыруды, өндірістік аппараттың тиімді ұдайы өндірісі мен жанаруын қамтамасыз ететін, бәсекелестік қабілеттілікті күшейтетін және барлық деңгейдегі бюджеттердің табыстарын арттыратын өзіндік экономика моделін қалыптастыруға бағытталады.

Әдебиеттер:

1. Стратегия территориального развития Республики Казахстан до 2015 года.
2. Гранберг А.Г. Основы региональной экономики. Учебник для вузов. - М.: ГУ, 2001
3. Смирнов С. Оценка социально-экономической ситуации в регионах для принятия хозяйственных и управленческих решений // Общество и экономика. 1998.
4. Основы экономического и социального прогнозирования / Под ред. В. Н. Мосина, Д. М. Крука. - М., 1985.
5. Ашимбаев Т.А. Экономический потенциал и эффективность его использования. - Алма-Ата: Наука, 1990. - 360с.